



**БҮЙРЫҚ**

2019 ж 29 наурыз

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№

256

город Астана

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі туралы ережесін, байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібін бекіту туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 150-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:
  - 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының ( бұдан әрі – Кәсіпорын) байқау кеңесі туралы ережесі;
  - 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі бекітілсін.
2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр



Е. Біртанов

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау  
министрінің  
2019 жылғы «29» май  
№ 256 бүйрөғына  
1 - қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің  
«Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық  
жүргізу құқығындағы республикалық  
мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі туралы ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі туралы ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Мемлекеттік мұлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заны 150-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) байқау кеңесінің өкілеттігін айқындайды.

2. Өз қызметінде байқау кеңесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, Кәсіпорынның Жаръысын, осы Ережені және өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Кәсіпорынның байқау кеңесі мүшелерінің саны тақ болады және бір-бірімен және Кәсіпорынның басшысымен жақын туыстық және жекжаттық қатынастарда болмайтын кемінде бес адамнан куралады, басшыны қоспағанда, байқау кеңесінің мүшелері Кәсіпорын қызметкерінің штатына кірмейді.

4. Байқау кеңесінің құрамына денсаулық сақтау саласындағы үәкілдегі органның өкілдері, Кәсіпорынның басшысы және конкурсстың негізінде сайланатын адамдар кіреді.

Байқау кеңесінің құрамы тәрағадан, тәрағаның орынбасарынан және мүшелерден тұрады. Байқау кеңесінің хатшысы Кәсіпорынның қызметкери болып табылады және байқау кеңесінің мүшесі болып табылмайды.

5. Байқау кеңесін құру тәртібі, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы

заңнамасына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

6. Байқау кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі үш жылды құрайды.
7. Байқау кеңесінің құрамына сайланған адамдар шексіз түрде қайта сайланған алады.

8. Байқау кеңесі мүшесінің өкілеттігі оның мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы байқау кеңесінің шешіміне сәйкес оның жазбаша өтінішінің негізінде мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

9. Байқау кеңесінің тәрағасы, тәрағасының орынбасары байқау кеңесі мүшелерінің арасынан байқау кеңесі мүшелерінің көпшілік дауысымен сайланады.

10. Байқау кеңесі кез келген уақытта тәрағаны, тәрағаның орынбасарын қайта сайлауға құқылы.

11. Байқау кеңесінің тәрағасы:

1) байқау кеңесінің жұмысын ұйымдастырады және байқау кеңесі шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады;

2) байқау кеңесінің отырыстарын шақырады және оларда тәрағалық етеді;

3) байқау кеңесі отырыстарының күн тәртібін қалыптастырады;

4) байқау кеңесінің атынан шығатын құжаттарға қол қояды;

5) байқау кеңесінің ұстанымын ұсынады және уәкілетті органдының алдында байқау кеңесінің қызметі туралы, Кәсіпорынның жалпы жағдайы және Кәсіпорынның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған қабылданған шаралар туралы есеп береді;

6) қолданыстағы заңнамамен, Жарғымен және байқау кеңесінің шешімдерімен анықталған басқа да функцияларды жүзеге асырады.

12. Байқау кеңесінің мүшелері:

1) отырыстарға қатысады;

2) өз функцияларын орындауға қажетті Кәсіпорынның қызметі туралы толық және шынайы ақпарат алады. Кәсіпорынның құжаттарымен танысады, олардың көшірмелерін алады;

3) Кәсіпорынның байқау кеңесінің кезектен тыс отырысын шақырады;

4) Кәсіпорынның байқау кеңесінің шешіміне жазбаша түрде ескерту береді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында, Жарғыда және осы Ережеде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

13. Байқау кеңесінің хатшысы:

1) байқау кеңесіне есеп береді;

2) байқау кеңесі мүшелерінің тізілімін жүргізеді;

3) байқау кеңесі тәрағасының тапсырмасы бойынша байқау кеңесінің мүшелерін байқау кеңесінің кезекті және кезектен тыс отырыстарының өтуі туралы хабардар етеді;

4) байқау кеңесінің төрағасын, төрағасының орынбасарын, мүшелерін және байқау кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін маңызы бар қажетті ақпаратпен және құжаттармен қамтамасыз етеді;

5) байқау кеңесіне жіберілген хат-хабарды есепке алуды жүзеге асырады және тиісті жауптарды дайындауды ұйымдастырады;

6) байқау кеңесінің атынан берілген құжаттарды ресімдейді және оларды байқау кеңесі төрағасының орынбасарына, мүшелеріне және Кәсіпорындағы басқару органдарының басқа да лауазымды адамдарына ұсынуды қамтамасыз етеді;

7) байқау кеңесі отырыстарының хаттамаларын жүргізеді;

8) сырттай дауыс беру арқылы байқау кеңесі қабылдаған шешімдер туралы байқау кеңесінің барлық мүшелерін хабардар етеді;

9) байқау кеңесінің мүшелеріне, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті ақпаратты уақтылы жеткізу үшін қажетті шараларды қабылдайды.

14. Байқау кеңесінің мүшелері қызметінің тиімділігін айқындау мақсатында жыл сайын олардың қызметін бағалау заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау қорытындылары бойынша байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу туралы шешім қабылдайды.

16. Кәсіпорынның басшысына және мемлекеттік қызметшілер болып табылатын байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

17. Байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы жылдың жұмыс қорытындылары бойынша Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің он нәтижесі болған кезде төленеді.

## **2. Байқау кеңесінің өкілеттігі**

18. Байқау кеңесінің мынадай өкілеттігі бар:

1) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға Кәсіпорынның даму жоспарының жобасы бойынша, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, алдын ала жылдық қаржы есептілігін бекітеді;

3) демеушілік және қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) Кәсіпорынға аудит өткізуге бастамашылық етеді;

5) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және

көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға ұсыныстар енгізеді;

6) Кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның ұсыныстарын келіседі;

7) ұжымдық шартты өзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражаттың шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерлерінің лауазымдық жалақыларына ұстемеақы белгілеу, сыйакы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

8) байқау кеңесінің хатшысын тағайындейдьы, оның өкілеттік мерзімін және жалақысының мөлшерін айқындейдьы, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

9) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

10) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстарды өзірлейді;

11) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

12) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органға Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу бойынша ұсыныстар енгізеді.

13) Кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

14) Кәсіпорынның атқарушы органдың құрамына тағайындауга кандидатураларды сайлайды, сондай-ақ атқарушы органдың мүшесімен еңбек шартын бұзу мәселесін алдын ала келіседі;

15) Кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындейдьы, оның басшысы мен мүшелерін тағайындейдьы, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болады, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйакы беру мөлшерін және шарттарын айқындейдьы;

16) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық үйим көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындейдьы;

17) Кәсіпорынның үйымдастырушылық құрылымын бекітеді;

18) Кәсіпорын немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де қупияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындейдьы;

19) Заңмен және (немесе) Кәсіпорынның жарғысында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Осы Ереженің 18-тармағында көзделген Байқау кеңесі өкілеттігінің аражігін ажыратуға жол берілмейді.

19. Байқау кеңесі мүшелерінің талаптары бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері байқау кеңесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпаратты ұсынады.

20. Ақпаратты ұсыну туралы талап Кәсіпорынның басшысына Кәсіпорынның орналасқан орны бойынша тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынылады.

Жазбаша хабарлама талап етілетін ақпаратқа немесе талап етілетін құжатқа сілтемеден түруы тиіс.

21. Кәсіпорынның басшысы байқау кеңесінің мүшелеріне сұралған құжаттарды және ақпараттарды, егер сұралған ақпарат құпия болып табылmasa, оны байқау кеңесінің хатшысына беру арқылы үш жұмыс күнінен кем емес мерзімде ұсынады.

22. Байқау кеңесінің мүшелері құпия сипаттағы ақпаратпен байқау кеңесінің мүшелері ол туралы Кәсіпорынның атқарушы органына бес жұмыс күн бұрын жазбаша хабарлай отырып және құпия ақпаратты жарияламау туралы қол қойылған келісімі бар болған жағдайда Кәсіпорынның орналасқан жері бойынша танысуға құқылы.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2019 жылғы «29» май  
№ 256 бұйрығына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шүғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шүғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) «Мемлекеттік мұлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңынына сәйкес әзірленді.

2. Байқау кеңесінің отырыстары кезекті, сондай-ақ кезектен тыс шақырылады және өткізіледі.

3. Байқау кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына бір реттен кем емес шақырылады және өткізіледі.

4. Байқау кеңесінің кезектен тыс отырыстары, қандай да бір мәселе бойынша шешім байқау кеңесінің құзыретіне тиісті, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шүғыл медицинаны үйлестіру орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – Кәсіпорын) мүддесін талап ететін болған жағдайда шақырылады.

5. Байқау кеңесінің отырысы оның төрағасының бастамасы бойынша немесе мыналардың:

- 1) уәкілетті органның;
- 2) Кәсіпорын басшысының;
- 3) байқау кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша шақыралады.

6. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап мыналардан тұрады:

- 1) отырысты өткізуге бастамашыны көрсету (талап қойған бастамашының аты, тегі, әкесінің аты немесе органның немесе занды тұлғаның атауы);
- 2) отырысты өткізу нысанын (күндізгі отырыста немесе сырттай дауыс беру арқылы);

3) отырысты өткізу күні не болмаса сырттай дауыс беру жүргізілген жағдайда, қол қойылған сырттай дауыс беру бюллетендерін қабылдаудың соңғы күнін;

4) қойылған талаптарға жауап жіберілетін мекенжайды;  
 5) байқау кеңесінің отырысын шақыру себептері немесе байқау кеңесінің отырысына шығарылатын мәселелерді қамтиды.

7. Байқау кеңесі отырысының күн тәртібіне «әртүрлі», «өзге», «басқа» және осыларға ұқсас деген тұжырымдарды қоса алғанда кең ұғымы бар мәселелер енгізілмейді.

8. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талапқа күн тәртібінің мәселелері бойынша қойылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті материалдар мен ақпараттар қоса беріледі.

9. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие. Байқау кеңесінің мүшесі өзінің дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе басқа жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне болмайды.

10. Байқау кеңесінің шешімдері отырысқа қатысатын байқау кеңесі мүшелері дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

11. Байқау кеңесінің шешімдерін байқау кеңесінің хатшысы жазбаша нысанда ресімдейді және байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

12. Байқау кеңесінің мүшесі шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алуы тиіс. Байқау кеңесінің мүшелеріне шешім қабылдау кезінде жеке мұддесін көздеуге, сондай-ақ жеке мақсатта Кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін пайдалануға тыйым салынады.

13. Байқау кеңесінің отырысын шақыру туралы талап Кәсіпорынның орналасқан жері бойынша тиісті жазбаша хабарламаны байқау кеңесінің төрағасына жіберу арқылы ұсынылады. Жазбаша хабарлама тапсырыс хатпен, факспен немесе электрондық поштамен жіберіледі.

14. Байқау кеңесінің отырысын оны шақыру туралы талап түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктемей байқау кеңесінің төрағасы шақырады.

15. Байқау кеңесінің төрағасы мынадай жағдайларды қоспағанда, байқау кеңесінің отырысын шақырудан бас тартуға құқығы жоқ:

- 1) шақыру бастамашысы осындай талаптар қоюға құқығы жоқ;
- 2) байқау кеңесінің күн тәртібіне енгізу үшін ұсынған мәселелердің бірде бірі оның құзыретіне жатқызылмаған.

16. Байқау кеңесінің отырысына дайындықты байқау кеңесінің хатшысы жүзеге асырады.

17. Байқау кеңесінің отырысын өткізуге дайындық кезінде мынадай іс – әрекеттер орындалады:

- 1) отырыстың күн тәртібін қалыптастыру;
- 2) байқау кеңесінің мүшелеріне отырыстың өткізілетіні туралы хабарламаны жіберу;
- 3) Байқау кеңесінің мүшелеріне ұсынылатын ақпараттарды (материалдарды) дайындау.

18. Байқау кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарлама байқау кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күннен он жұмыс күні бұрын жіберілуі тиіс.

19. Хабарлама байқау кеңесінің хатшысы жүргізетін байқау кеңесі мүшелерінің тізімінде көрсетілген мекенжай мен телефондар (факстер) бойынша тапсырыс хатпен, телеграммамен, телефонограммамен, факсимилдік және электрондық хатпен ресімделеді.

20. Хабарлама:

- 1) отырысты өткізу орны және уақыты, күні туралы мәліметті;
- 2) отырыстың күн тәртібін;
- 3) отырысты өткізу нысаны туралы мәліметті (күндізгі отырыс немесе сырттай дауыс беру арқылы);

4) байқау кеңесі мүшесінің егер ол күндізгі отырысқа қатыса алмаған жағдайда күн тәртібі мәселелері бойынша жазбаша үйғарымды жіберу арқылы дауыс беру мүмкіндігі туралы түсіндірмені қамтиды.

21. Хабарламаға қойылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдау үшін қажетті қолемде отырыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдар мен ақпараттар қоса беріледі.

22. Байқау кеңесінің отырысына ақпаратты (материалдарды) байқау кеңесі төрағасының тапсырмасы бойынша байқау кеңесінің хатшысы дайындаиды.

23. Байқау кеңесінің мүшелеріне хабарламамен жіберілмейтін ақпараттармен (материалдармен) байқау кеңесінің мүшелері отырысын өткізу күніне дейін Кәсіпорынның орналасқан жері бойынша таныса алады.

24. Байқау кеңесінің мүшелеріне байқау кеңесі отырыстың күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша құжаттар мен мәліметтер байқау кеңесі отырыстың өтуі туралы хабарлама жасалған сәттен бастап Кәсіпорынның үй-жайында еркін танысу үшін ұсынылады.

25. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, байқау кеңесінің отырысы телефонмен хабарлау жолымен немесе басқа да байланыс құралдарын пайдалану арқылы байқау кеңесі мүшелеріне жазбаша хабарлама жіберместен дереу шақырылады.

26. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі отырыстың күн тәртібі бойынша, оны өткізерден жеті жұмыс күні бұрын өз ұсыныстарын енгізе алады. Мұндай ұсыныстар байқау кеңесінің барлық мүшелеріне барлық қажетті материалдарды, шешімді қабылдау үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты қоса бере отырып ұсынылады.

27. Отырыстың күн тәртібіне байқау кеңесінің мүшелері ұсынған мәселелер қосылады. Осы Тәртіптің 15–тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, қандай да бір мәселелерді қосудан бас тартуға жол берілмейді.

28. Байқау кеңесінің мүшелері хабардар болған байқау кеңесінің отырысын белгілеген уақытта және орында өткізу мүмкін болмаған немесе қыын болған жағдайлар туындаған кезде жоспарланған күн тәртібі бойынша отырысты басқа жерде немесе басқа уақытта өткізуге болады.

29. Байқау кеңесінің отырысын өткізетін жердің немесе уақытының өзгергені туралы байқау кеңесінің барлық мүшелері бір жұмыс күні ішінде хабарландырылады. Байқау кеңесінің мүшелеріне отырыстың өткізілетін жерінің немесе уақытының өзгеруі туралы жазбаша хабарламай телефон арқылы және (немесе) басқа байланыс құралдарын пайдалану арқылы жібірледі.

30. Байқау кеңесінің отырысы жарияланған уақытта байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан кезде ашылады.

31. Байқау кеңесінің отырысы, егер байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырыска байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып, ал квorum шарттары сақталған болып табылады.

32. Квorum болмаған жағдайда, отырыс бірінші шақырылған күнінен бастап он күннен кешіктірілмей қайта шақырылады.

33. Байқау кеңесінің барлық мүшелері хабарланып, отырыстың ашылу уақытын өзгертуге қарсылық білдірмеген жағдайларды қоспағанда, отырыс жарияланған уақыттан бұрын ашылмайды.

34. Байқау кеңесінің отырысын төраға (немесе төрағаның орынбасары) ашады.

35. Байқау кеңесі отырысының күн тәртібінде енгізілген мәселелерді талқылау квorumды белгілегеннен кейін жүзеге асырылады.

36. Байқау кеңесінің отырысында хаттама жүргізіледі, ол өткізілгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жасалады. Хаттамаға төраға, хатшы және байқау кеңесінің қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

37. Отрыста қабылданған байқау кеңесінің шешімдері, күн тәртібінде баяндалған, белгілі бір мәселе бойынша дауыс беру нәтижелері жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

38. Байқау кеңесінің отырысының хаттамасы:

- 1) Кәсіпорынның толық атауын және орналасқан жерін;
  - 2) отырысты өткізу нысанын (күндізгі немесе сырттай);
  - 3) отырыстың өтетін күні, уақыты және орнын;
  - 4) қатысатын мүшелерді көрсете отырып, отырыс кворумының болуы туралы мәліметті;
  - 5) күн тәртібін;
  - 6) отырысқа қатысушылардың сөз сөйлеудерінің негізгі ережелерін;
  - 7) қойылған сұрақтар мен оған берілген жауаптарды;
  - 8) дауыс беруге қойылған мәселелерді және олар бойынша дауыс беру нәтижелерін;
  - 9) байқау кеңесі қабылдаған шешімдерді;
  - 10) байқау кеңесінің шешімдері бойынша өзге де мәліметтерді құрайды.
39. Отрыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру қорытындысы байқау кеңесінің барлық мүшелеріне байқау кеңесінің отырысы өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде байқау кеңесі отырысының

хаттамасының көшірмесі және жазбаша хабарлама жіберу арқылы назарына жеткізіледі.

40. Жазбаша хабарлама (хаттаманың көшірмесі) осы Тәртіптің 13–тармағында көрсетілген тәсілдермен жіберілуі мүмкін.

41. Байқау кеңесінің барлық отырыстарының хаттамаларын байқау кеңесінің хатшысы сақтайды және байқау кеңесінің кез келген мүшесіне танысу үшін ұсынылады. Көрсетілген адамдардың талаптары бойынша оларға хаттамалардың куәландарылған көшірмелері және хаттамалардан үзінді көшірмелер беріледі.

## **2. Байқау кеңесінің отырысын сырттай өткізу тәртібі**

42. Жекелеген мәселелер бойынша байқау кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданады.

43. Байқау кеңесінің отырысын сырттай дауыс беру нысаны арқылы өткізу туралы шешімнің қабылдануына байланысты, байқау кеңесінің тәрағасы сырттай дауыс беруге ұсынылған мәселелердің тізбесін қалыптастырады, сырттай дауыс беру нәтижелерін анықтау күнін, толтырылған бюллетендерді толтыру мерзімінің аяқталу күнін анықтайды.

44. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламаны байқау кеңесінің хатшысы Байқау кеңесінің әрбір мүшесіне тапсырыс хаттарымен жібереді немесе сырттай дауыс беру үшін бюллетендерді қабылдау мерзімі аяқталған күнге дейін жеті җұмыс күнінен кешіктірмей жеке өзіне тапсырады.

45. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламамен біруақытта қойылған мәселелер бойынша материалдар және бірыңғай нысанды дауыс беру үшін бюллетендер жіберіледі және/немесе беріледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламада байқау кеңесінің тәрағасы анықталған, толтырылған бюллетендерді ұсыну мерзімінің аяқталу күні, сондай – ак сырттай дауыс беру нәтижелерін анықтау күні қөрсетіледі.

46. Дауыс беру үшін бюллетені мынадай мәліметтерден тұруы тиіс:

- 1) Кәсіпорынның атавы ( фирмалық атавы) және оның орналасқан жері;
- 2) отырыстың бастамшысы;
- 3) дауыс беру үшін бюллетендерді қабылдаудың аяқталу күні;
- 4) дауыс беру бюллетендерін қабылдау мекенжайы;
- 5) дауыс беруге қойылған әрбір мәселенің тұжырымдамасы және ол бойынша келесі «келісемін», «қарсы», «қалыс» деген тұжырымдамамен білдірілген дауыс беру нұсқалары;
- 6) бюллетень байқау кеңесі мүшесінің қол қоюы керектігін көрсету;
- 7) сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетендерді байқау кеңесіне жіберу тәсілі;
- 8) өзге де мәліметтер.

47. Байқау кеңесінің мүшелеріне сырттай дауыс беру үшін бюллетендерді жіберу кезінде дұрыс толтырылғанын және біркелкілігін байқау кеңесінің тәрағасы өз қолымен куәландарады.

48. Сырттай дауыс беру үшін толтырылған және қол қойылған бюллетенді байқау кеңесінің мүшесі бюллетенді қабылдау мерзімі аяқталған күннен кешіктірмей түпнұсқада немесе факсимилдік және электрондық байланыс арқылы (одан әрі түпнұсқасын сырттай дауыс беру үшін бюллетенде көрсетілген мекенжай бойынша жіберу арқылы) ұсынады.

49. Бюллетендерін белгіленген күннен кешіктірмей байқау кеңесінің төрағасы алған байқау кеңесінің мүшелері сырттай дауыс беруге қатысқан болып саналады.

50. Байқау кеңесі хабарламада көрсетілген мерзім өткеннен кейін алған бюллетендер сырттай дауыс беру қорытындысын шығару және дауыстарды санау кезінде ескерілмейді.

51. Сырттай нысанда өткізілетін отырыс күн тәртібінің мәселелері бойынша қорытындысы дауыс беру нәтижелері, сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарламада белгіленген мерзімде байқау кеңесінің төрағасы алған, байқау кеңесінің мүшелері толтырған және қол қойған бюллетендердің негізінде жүргізіледі.

52. Сырттай дауыс беру арқылы байқау кеңесінің шешім қабылдау күні сырттай дауыс беру үшін бюллетенді қабылдау мерзімінің аяқталу күні болып табылады.

53. Байқау кеңесінің төрағасы байқау кеңесінің барлық мүшелерінен бюллетенді қабылдау мерзімі өткенге дейін толтырылған бюллетендер алынған жағдайда, сырттай дауыс беру үшін соңғы бюллетенді алған күн сырттай дауыс беру шешімін қабылдау күні болып табылады.

54. Сырттай дауыс беру қорытындысы бойынша үш жұмыс күнінен кешіктірмей хаттама құрастырылады. Көрсетілген хаттамаға хаттаманы құрудың дұрыстығына жауап беретін Байқау кеңесінің төрағасы және байқау кеңесінің хатшысы қол қояды.

55. Байқау кеңесінің мүшелері қабылдаған шешімдер мен сырттай дауыс беру қорытындысы байқау кеңесінің барлық мүшелеріне бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде сырттай дауыс беру қорытындысы туралы хаттамаға қол қойылған сәттен бастап негізінде осы шешім қабылданған бюллетендердің көшірмелерін қоса бере отырып, оларға көрсетілген хаттаманың көшірмелерін жіберу арқылы жеткізіледі.

56. Байқау кеңесінің сырттай отырысы айна бір реттен өткізілуі тиіс.

57. Койылған мәселе бойынша байқау кеңесі мүшелері құрамының жартысынан көбі сырттай отырыс өткізуге қарсылық білдірген жағдайда, байқау кеңесінің төрағасы осы мәселе бойынша сырттай дауыс беруді болдырмайды, ал осы мәселе байқау кеңесінің жақын арадағы отырысының күн тәртібіне қойылады.

58. Бұл ретте сырттай дауыс берудің болмайтыны туралы хатшы байқау кеңесінің барлық мүшелерін, сондай-ак дауыс беру бастамашысын хабардар етеді.

59. Шешім қабылдау кезінде байқау кеңесінің мүшесі Кәсіпорынның мұдделерін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алуы тиіс.

Байқау кеңесінің мүшелері:

- 1) шешім қабылдау кезінде жеке мұддесін көздемейді;
  - 2) Кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін жеке мақсатта пайдаланбайды;
  - 3) байқау кеңесіне өзінің қатысуы нәтижесінде және/немесе алынғап ақпаратты бәсекелес ортанды құру және/немесе Кәсіпорынның коммерциялық мүмкіндіктерін шектеу мақсатында пайдаланбайды, шешім қабылдамайды;
  - 4) байқау кеңесі мүшесінің құзырына кіретін іс-қимылдарды байқау кеңесі мүшесінің орындауы үшін Кәсіпорынның жұмыскерлерінен және басқа адамдардан ақша, сыйлық және өзге материалдық игіліктер түріндегі материалдық сыйлықтарды жеке немесе делдал арқылы алмайды;
  - 5) Кәсіпорынның құпия ақпаратын, оның ішінде Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне қатысты ақпаратты жарияламайды.
60. Байқау кеңесінің мүшелері Кәсіпорынның және уәкілетті органның алдында әрекеті (әрекетсіздігі) үшін Кәсіпорынға келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.
61. Байқау кеңесінің мүшелері байқау кеңесі қабылдаған Кәсіпорынға шығын келтірілген шешімге қарсы дауыс берген немесе дауыс беруге қатыспаған жағдайда жауапкершіліктен босатылады.



**БҮЙРЫҚ**

29 наурыз 2019 ж.

Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№

256

город Астана

**Об утверждении Положения о наблюдательном совете, Порядка созыва и проведения заседаний наблюдательного совета республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный координационный центр экстренной медицины» Министерства здравоохранения Республики Казахстан**

В соответствии с пунктом 3 статьи 150 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемые:
  - 1) Положение о наблюдательном совете республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный координационный центр экстренной медицины» Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее – Предприятие) согласно приложению 1 к настоящему приказу;
  - 2) Порядок созыва и проведения заседаний наблюдательного совета Предприятия согласно приложению 2 к настоящему приказу.
2. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

Министр

Е. Биртанов



023800

Приложение 1  
 к приказу Министра  
 здравоохранения Республики  
 Казахстан от «24» июль  
 2019 года № 256

**Положение о наблюдательном совете  
 республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного  
 ведения «Национальный координационный центр экстренной медицины»  
 Министерства здравоохранения Республики Казахстан**

**1. Общие положения**

1. Настоящее положение о наблюдательном совете республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный координационный центр экстренной медицины» Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее – Положение) разработано в соответствии с пунктом 3 статьи 150 Закона Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе» (далее – Закон) и определяет полномочия наблюдательного совета республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Национальный координационный центр экстренной медицины» Министерства здравоохранения Республики Казахстан (далее- Предприятие).

2. В своей деятельности наблюдательный совет руководствуется действующим законодательством Республики Казахстан, Уставом Предприятия, настоящим Положением и иными нормативными правовыми актами.

3. Число членов наблюдательного совета Предприятия является нечетным и составляет не менее пяти человек, не находящихся в отношениях близкого родства и свойства друг с другом и руководителем Предприятия, члены наблюдательного совета не входят в штат работников Предприятия, за исключением руководителя.

4. В состав наблюдательного совета входят представители уполномоченного органа в области здравоохранения, руководитель исполнительного органа Предприятия и лица, избираемые на конкурсной основе.

